

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 маусымдағы N 561 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) бүкіл мәтін бойынша "Жарлықпен", "Жарлығымен", "Жарлықтың", "Жарлық", "Жарлықта" деген сөздер "Заңмен", "Заңымен", "Заңның", "Заң", "Заңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

4) 9 - бапта :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективалық жоспарларын" деген сөздер "қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "есептілігі" деген сөз "қызметі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кәсіпорын басшысы меншік иесінің (уәкілетті органның) және мемлекеттік басқару органының алдында кәсіпорындағы істің жай- күйі үшін тікелей жауапты болады. " ;

5) 18 - бапта :

бірінші бөлікте :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген міндеттерін жүзеге асыруына жәрдемдесетін және (немесе) қаржы рыногы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын ; " ;

9) тармақшадағы "мәдениет" деген сөзден кейін ", туризм" деген сөзбен толықтырылсын ;

12) тармақша "кадастрларын" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервін қалыптастыру және сақтау саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру."; екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көлік қызметін көрсетуді және оларды жабдықтау функцияларын орындауды жүзеге асыру мақсатында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар құруға тыйым салынады.";

6) 21-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "құрамында қалған пайданың" деген сөздер "өз билігінде қалған таза кірістің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 32-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көлік қызметін көрсетуді және оларды жабдықтау функцияларын орындауды жүзеге асыру;"

8) 35-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

9) 38-баптың бірінші бөлігіндегі "мемлекеттік басқару органының" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттары ол қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде осы Заңға сәйкес келтірілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті